



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 764–776
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.41.91

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_764-776

ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Көпжасар Мұстафаұлы Жетібаев¹, Мұхтар Бақадырұлы Қожа², Әли Әлімбекұлы^{3,4*}

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(№ 29В, Б. Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, директор
<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

² Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(№ 29В, Б. Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)
тарих ғылымдарының докторы, доцент, бас ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

³ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қ. Сәтбаев көшесі, 2, 10000 Астана, Қазақстан)
PhD докторант
<https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: Ali.Alimbekuly@gmail.com

⁴ Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Рабиға Сұлтан Бегім көшесі, 14, 161200 Түркістан, Қазақстан)
Ғылыми қызметкер

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Жетібаев К.М., Қожа М.Б., Әлімбекұлы Ә., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Отырар алқабындағы ортағасырлық урбанистік орталықтардың бірі Құйрықтөбе (Кедер) қаласының рабад бөлігінде орналасқан қорымда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері қарастырылады. Ескерткіш ІХ–ХІІ ғғ. Фараб аймағындағы саяси-әкімшілік және діни үдерістермен тығыз байланысты. Қорым материалдары өңірдегі исламдану үдерісінің археологиялық көріністерін, жерлеу ғұрпының қалыптасуы мен эволюциясын айқындауда маңызды дереккөз болып табылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Құйрықтөбе қаласының рабад бөлігінде орналасқан қорымның қалыптасу динамикасын, жерлеу кешендерінің құрылымдық және ритуалдық ерекшеліктерін археологиялық деректер негізінде талдау. Мәдени қабаттың стратиграфиясын анықтау, жерлеу орындарының жоспарлық ұйымдасуын айқындау, жерлеу дәстүрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау, алынған материалдарды Отырар алқабындағы ерте ортағасырлық жерлеу орындармен салыстыру. *Материалдар мен әдістері.* Зерттеу барысында ортағасырлық тарихшылардың әл-Истахри, Ибн Хауқал, әл-Мақдиси еңбектеріне талдау жасалынып, археологиялық зерттеулердің нәтижелерімен интерпретацияланды. Сонымен қатар, жазба деректер археологиялық деректермен салыстырмалы түрде талдау жасалынды. *Нәтижелер.* 2025 жылғы

археологиялық қазба жұмыстары барысында рабад аумағынан 100 м² көлемінде қазба жүргізіліп, 11 жерлеу орны анықталды. Археологиялық деректер бұл кеңістіктің бастапқыда тұрғындық-шаруашылық қызмет атқарып, кейін қорымға айналғанын көрсетті. Жерленімдердің басым бөлігі солтүстік батыс – оңтүстік шығыс бағытында, бастары құбылаға қаратылып орналастырылған. Қаңқалардың шалқасынан және оң қырымен жатқызылуы, қол сүйектерінің орналасуына қарай бірнеше типтің анықталуы мұсылмандық жерлеу дәстүрінің қалыптасқан үлгілерін көрсетеді. Алынған материалдар бұрынғы зерттеулермен сабақтастыра қарастырылып, IX–XII ғғ. хронологиялық шеңберінде интерпретацияланды. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижелері Құйрықтөбе қаласының рабад бөлігінің тұрғындық кеңістіктен жүйелі ұйымдастырылған мұсылмандық некропольге айналуын нақты археологиялық деректермен дәлелденді. Жерлеу ғұрпының құрылымдық және ритуалдық ерекшеліктері исламдық нормалардың орнығуымен қатар, өтпелі кезең элементтерінің сақталғанын айғақтайды. Осылайша, Құйрықтөбе қорымы Отырар алқабындағы исламдану үдерісінің археологиялық динамикасын және ортағасырлық сакралды кеңістіктің қалыптасуын сипаттайтын маңызды ғылыми кешен ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Құйрықтөбе, Кедер, Отырар алқабы, мұсылмандық жерлеу, жерлеу ғұрпы, исламдану үдерісі, ортағасырлық қала.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған «Қазақстанға ислам дінінің енуін және таралуын археологиялық және жазба деректер негізінде зерттеу» ғылыми бағдарлама аясында дайындалды (BR28713129).

Дәйексөз үшін: Жетібаев К.М., Қожа М.Б., Әлімбекұлы Ә., Құйрықтөбе (Кедер) қаласының рабад аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 764–776. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_764-776

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЁННЫЕ В РАЙОНЕ РАБАДА ГОРОДИЩА КУЙРЫКТОБЕ (КЕДЕР)

*Копжасар Мустафаевич Жетибаев*¹, *Мухтар Бакадырович Қожа*², *Әли Әлімбекұлы*^{3,4*}

¹ Международнй казахско-турецкого университет имени Х.А. Ясави
(д. № 26, проспект Б. Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)
кандидат исторических наук, профессор, директор
<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

² Международнй казахско-турецкого университет имени Х.А. Ясави
(д. № 26, проспект Б. Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)
доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

³ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва
(ул. К. Сатпаева, 2, 010000 Астана, Казахстан)
PhD докторант
<https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: Ali.Alimbekuly@gmail.com

⁴ Международнй университет туризма и гостеприимства
(ул. Рабиги Султан Бегим, 14, 161200 Туркестан, Казахстан)
Научный сотрудник

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жетибаев К.М., Қожа М.Б., Әлімбекұлы Ә., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье представлены результаты археологических исследований некрополя, расположенного в рабадной части городища Куйрыктобе (Кедер) – одного из значимых средневековых урбанистических центров Отрарского оазиса, датируемого IX–XII вв. Памятник был тесно связан с политико-административными и религиозными процессами региона Фараб.

Материалы могильника являются важным источником для изучения археологических проявлений исламизации региона, а также становления и развития погребального обряда. *Цель и задачи исследования.* Целью работы является анализ процессов формирования некрополя и выявление структурных и ритуальных особенностей погребальных комплексов, расположенных в рабадной части городища Куйрыктобе, на основе археологических данных. В задачи исследования входили: уточнение стратиграфии культурных напластований; реконструкция планировочной организации погребального пространства; определение специфики погребального обряда; сопоставление полученных материалов с раннесредневековыми некрополями Отрарского оазиса. *Материалы и методы.* В ходе исследований были проанализированы труды средневековых историков аль-Истахри, Ибн Хаукал, аль-Макдиси и были интерпретированы с результатами археологических изысканий. А также, был проведен сравнительный анализ письменных и археологических источников. Зерттеу барысында ортағасырлық тарихшылардың әл-Истахри, Ибн Хаукал, әл-Макдиси еңбектеріне талдау жасалынып, археологиялық зерттеулердің нәтижелерімен интерпретацияланды. Сонымен қатар, жазба деректер археологиялық деректермен салыстырмалы түрде талдау жасалынды. *Результаты.* В ходе археологических раскопок 2025 г. в рабадной части на площади 100 м² выявлено 11 захоронений. Археологические данные показали, что исследуемая территория первоначально использовалась как жилое и хозяйственное пространство, а затем была преобразована в некрополь. Большинство погребений ориентировано по линии северо-запад юго-восток с обращением головы в сторону киблы. Скелеты зафиксированы в положении на спине и на правом боку; различия в положении костей рук позволяют выделить несколько типологических вариантов погребений. Эти признаки отражают сформировавшиеся нормы мусульманского погребального обряда. Полученные материалы проанализированы в сопоставлении с результатами предыдущих исследований и интерпретированы в хронологических рамках IX–XII вв. *Вывод.* Результаты исследования подтверждают трансформацию рабадной части городища Куйрыктобе из жилого пространства в системно организованный мусульманский некрополь. Структурные и ритуальные особенности погребений свидетельствуют о сочетании элементов переходного периода с утверждением исламских норм. Некрополь Куйрыктобе рассматривается как значимый археологический комплекс, отражающий динамику исламизации в Отрарском оазисе и процессы формирования средневекового сакрального пространства региона.

Ключевые слова: Куйрыктобе, Кедер, Отрарский оазис, мусульманское захоронение, погребальный обряд, процесс исламизации, средневековое городище.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Исследование проникновения и распространения ислама в Казахстане на основе археологических и письменных источников» (BR28713129).

Для цитирования: Жетибаев К.М., Кожа М.Б., Әлімбекұлы Ә. Археологические исследования, проведенные в районе рабада городище Куйрыктобе (Кедер) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 764–776. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_764-776

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN THE RABAT AREA OF THE CITY OF KUYRYKTOBE (KEDER)

Kopzhasar Mustafauly Zhetibayev¹, Mukhtar Bakadyruly Kozha², Ali Alimbekuly^{3,4}*

¹ Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
(29B B. Sattarkhanov Avenue, 161200 Turkestan, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Professor, Director
<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

² Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
(29B B. Sattarkhanov Avenue, 161200 Turkestan, Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Chief Researcher
<https://orcid.org/0000-0003-1042-5697>. E-mail: mukhtar.kozha@ayu.edu.kz

³ L.N. Gumilyov Eurasian National University (2 K. Satpayev Street, 010000 Astana, Kazakhstan)
PhD doctoral student
<https://orcid.org/0000-0003-0028-8123>. E-mail: Ali.Alimbekuly@gmail.com

⁴ International university of Tourism and Hospitality
(Rabiga Sultan Begim street, 14, 161200 Turkestan, Kazakhstan)
Researcher

© Valikhanov IHE, 2026

© Zhetibayev K.M., Kozha M.B., Alimbekuly A., 2026

Abstract. Introduction. The article discusses the results of archaeological research conducted at a necropolis located in the residential part of the medieval settlement of Kuyryktobe (Keder) in the Otrar oasis. The site is closely linked to the political, administrative and religious processes in the Farab region in the 9th–12th cc. The materials from the necropolis are an important source for identifying the archaeological manifestations of the Islamisation process in the region and the formation and evolution of burial rites. *The aim and objectives of the study* are to analyse the dynamics of necropolis formation in the Rabat part of the city of Kuyryktobe, as well as the structural and ritual features of the burial complexes based on archaeological data. The objectives included determining the stratigraphy of the cultural layer, identifying the burial planning organisation, establishing the specifics of burial traditions, and comparing the obtained materials with early medieval burial site from the Otrar oasis. *Materials and Methods.* During the research, the works of the medieval historians Al-Istakhri, Ibn Hawqal, and Al-Maqdisi were critically analysed and interpreted in the context of the results obtained through archaeological investigations. In addition, the written sources were comparatively examined alongside the archaeological evidence, allowing for a more nuanced and comprehensive interpretation of the historical processes and material culture of the studied region. *Results.* During the 2025 archaeological excavations, the 100 m² excavation was conducted on the rabat's territory, resulting in the discovery of 11 burials. Archaeological data indicate that this space originally served residential and economic functions and was later converted into a necropolis. Most of the burials are oriented along a north-west to south-east line, with the head facing the qubla. The placement of the skeletons on their backs and on their right sides, as well as the identification of several types based on the position of the arm bones, reflects the established norms of Muslim burial rites. The materials obtained are interpreted within the chronological framework of the 9th–12th cc., taking into account data from previous studies. *Conclusion.* The results of the study confirm the transformation of the Rabat part of the city of Kuyryktobe from a residential area into a systematically organised Muslim necropolis based on specific archaeological data. The structural and ritual features of the burial rites testify to the establishment of Islamic norms while preserving elements of the transition period. Thus, the Kuyryktobe necropolis is an important scientific complex that characterises the archaeological dynamics of the Islamisation process in the Otrar oasis and the formation of a sacred space of the medieval settlement.

Keywords: Kuyryktobe, Keder, Otrar oasis, Muslim burial, burial rites, Islamisation process, medieval settlement.

Acknowledgements. This article was prepared within the scientific programme “Research of the introduction and spread of Islam to Kazakhstan based on archaeological and written sources”, funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (BR28713129).


For citation: Zhetibayev K.M., Kozha M.B., Alimbekuly A., Archaeological research in the rabat area of the city of Kuyryktobe (Keder) // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. № 2. Pp. 764–776. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_764-776

Кіріспе. Ортағасырлық Кедер (Құйрықтөбе) қаласы Фараб аймағындағы аса маңызды саяси, экономикалық және діни орталықтардың бірі ретінде Х ғ. жазба деректерде кеңінен аталады. Авторы белгісіз «Худуд ал-Алем» атты еңбектен «Фараб – бай уалаят, оның бас қаласы Кедер қаласы» – деген деректер келтіріледі [Акишев, т.б., 1972: 29–30; Қожа, 2006: 123; Байпаков, 2007: 77–87]. Мұхамед ал-Истахри «Жолдар мен елдер» атты жазбасында Субаникенттен Фараб аймағының бас қаласы Кедер қаласына дейінгі арақашықтық екі күндік жол ретінде көрсетіледі [Байпаков, 1986: 25–26; Сералы, т.б., 2020: 55–67]. Ал Ибн Хауқал еңбектерінде Испиджаб аймағына жақын орналасқан

қалалар қатарында Кедер қаласының аталуы, X ғ. Фараб аймағында Кедер қаласының саяси-әкімшілік орталық болғандығын аңғартады [Волин, 1960: 78-79; Байпаков, т.б., 2006: 3-33; Қайыркен, Ильясова, 2020: 242–252]. Мақдиси деректерінде Кедер қаласы Фараб аймағында бой көтерген жаңа қала ретінде сипатталып, онда орталық мешітінің болғаны және қала тұрғындары арасында діни сипаттағы қақтығыстардың орын алғаны айтылады [Бартольд, 1963: 234]. Бұл қақтығыстардың нақты мазмұны ашып көрсетілмегенімен, олар ислам дінін ұстанған жергілікті отырықшы халық пен Сырдарияның орта ағысына қоныстанған, әлі исламды толық қабылдамаған тайпалары арасында болуы ықтимал. Себебі археологиялық зерттеулер барысында Кедер қаласында исламмен қатар, белгілі бір уақыт аралығында зороастризм мен отқа табыну элементтері сақталғанын көрсететін нысандар мен табылымдар анықталуда. Бұл деректерге сүйене отырып аламыш наным сенімдерді ұстанған халықтар арасындағы қақтығыс болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Ортағасырлық жазба деректер мен археологиялық зерттеулер нәтижесінде Кедер қаласының орны нақты анықталған. Ол қазіргі Құйрықтөбе деп аталатын ескерткішпен сәйкестендіріліп, Отырар қаласының солтүстік-батысында шамамен 5 км қашықтықта орналасқаны белгілі болды (1-2 сур) [Агеева, Пацевич, 1958: 84]. Осы себепті мақалада «Кедер» қаласының орнына «Құйрықтөбе» қаласы деп қолданылатын болады. Құйрықтөбе қаласы VII–XII ғғ. аралығында үздіксіз дамыған ірі қалалық орталық болған. Қаланың құрылымдық-жоспарлық жүйесі классикалық исламдық қала үлгісіне сай қалыптасқан [Байпаков, 2012: 11]. Топографиялық тұрғыдан қаланың негізгі пішіні трапеция тәрізді төбе болып табылады (3-сур). Қаланың негізінің өлшемдері: солтүстік-батыс жағы – 250 м, оңтүстік-батыс жағы – 255 м, оңтүстік-шығыс – 180 м, батыс – 125 м. негізгі массивтің биіктігі 7,5 м жетеді [Агеева, Акишев, 1960: № 3387].

Құйрықтөбе ескерткішінде археологиялық зерттеулер 1951-1981 жылдар аралығында ауқымды қазба жұмыстары жүзеге асырылды. Нәтижесінде шахристан мен цитадель аумақтарында VII–XII ғғ. тиесілі нысандар аршылып, ғылыми айналымға енгізілді [Байпаков, Воякин, 2007: 163]. Шахристан аумағындағы жүргізілген археологиялық зерттеу барысында мұнаралы бекініс қабырғасы және тұрғын үйлермен қатар қаланың орталық мешітінің орны анықталды [Байпаков, 1986: 149]. Байпаков бұл мешітті Құйрықтөбенің исламдану үдерісінің нақты археологиялық дәлелі ретінде қарастырады. Мешіт тікбұрышты жоспарлы, көлемі шамамен 36,5 × 20,5 м, қабырғалары күйдірілген кірпіш пен шикі кірпішті аралас пайдалану арқылы салынған. Ғимарат «бағанды (столпты) мешіттер» типіне жатады (4-сур). Мұндай мешіттер Орта Азияда X–XII ғасырларда кең таралған және олардың басты ерекшелігі – жалпақ жабындының ішкі тірек бағандарға сүйенуі. Құйрықтөбе мешіті Сапол-тепе (Өзбекстан), кейінгі кезеңдегі Хиуа мен Үргеніш мешіттерімен типологиялық тұрғыдан ұқсас келеді [Байпаков, 2012: 16-17]. Археологиялық деректер мешіттің IX ғасырдың соңы – X ғасырдың басында салынғанын және XII ғасырға дейін үздіксіз қызмет атқарғанын көрсетеді. Қаланың құлдырауынан кейін мешіт қабырғалары XIII–XIV ғасырларда мұсылман зираттарының құрылысына қайта пайдаланылған.



Сур. 1. Құйрықтөбе қаласының орналасу картасы

Қаланың цитадель аумағында жүргізілген зерттеулер барысында салтанатты сарай кешенінің қалдықтары табылды. Ғимарат ішінен жартылай өртенген ағаштан жасалған сәндік тақталар анықталып, олардың бетіне өсімдік тектес өрнектер мен антропоморфты бейнелер ойылып салынғаны байқалды. Бұл бейнелердің Пенжикент пен Гиссар жоталарынан табылған соғдылық үлгілерге ұқсастығы анықталып, Құйрықтөбеде отқа және табиғат күштеріне табыну элементтерінің соғдылық мәдени ықпал арқылы тарағанын көрсетеді. Осылайша, оғыз дәуірінде ислам діні кең тарай бастағанымен, зороастризмдік наным-сенімдердің белгілі бір уақыт бойы сақталғанын байқауға болады [Байпақов, 2005: 27].

Оғыз мемлекетінің әлсіреуімен бірге Құйрықтөбе қаласы да құлдырау кезеңін бастан өткерді. Қала Фараб округінің бас орталығы мәртебесінен айырылып, бұл рөл Отырар қаласына ауысуы қала тіршілігінің бәсеңдеуіне әкелген. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап қаланың негізгі бөлігі бос қалып, шахристан аумағы мұсылмандық жерлеу орнына айналды. Алайда рабад бөлігінде өмір тоқтамады. Әсіресе моңғол шапқыншылығынан кейін мұнда өндірістік ошақтар қайта жанданды. Археологиялық деректер Құйрықтөбе рабадынан XIII–XIV ғасырларға тән кірпіш күйдіру пештері мен темір ұсталарының шеберханалары болғанын көрсетеді. Бұл шеберханаларда тұрмыстық темір бұйымдар жасалып, кейбірінде кеннен темір қорытпасы өндірілген [Акишев, т.б., 1987: 178–187].


Отырар алқабындағы жерлеу ескерткіштерін зерттеу аймақтың тарихи-мәдени дамуын, діни үдерістерін және әлеуметтік құрылымын реконструкциялауда маңызды ғылыми бағыт болып табылады. Ерте ортағасырларға жататын Мардан, Қыркескен және Көкмардан қорымдарының зерттелуі ерте тарихи кезеңдегі жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін айқындап, нумизматикалық және құрылымдық деректер негізінде олардың хронологиясын нақтылауға мүмкіндік берді. Осы ғылыми дәстүр аясында Құйрықтөбе қорымындағы IX–XII ғғ. жататын мұсылмандық жерлеулерді зерттеу Отырар өңіріндегі исламдану үдерісінің археологиялық көріністерін сипаттауға негіз болды. Қазбалар барысында анықталған жерлеу құрылымдары, саз ыдыстар мен нумизматикалық олжалар исламдық ғұрыптың біртіндеп орнығуын және көне дәстүр элементтерімен сабақтастығын көрсетеді.



Сур. 2. Құйрықтөбе қаласының әуеден көрінісі

2025 жылғы зерттеулер осы кешенді деректерді жаңа талдау әдістерімен толықтырып, рабад аумағының тұрғындық қызметтен қорымға айналу динамикасын, жерлеу кеңістігінің ұйымдасуын және мұсылмандық рәсімдердің эволюциясын нақтылауға бағытталды. Осылайша, Құйрықтөбе материалдары Отырар алқабындағы сақралды кеңістіктің қалыптасуы мен исламдану үдерісін кешенді түрде зерделеуде маңызды деректік база болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Ортағасырлық Құйрықтөбе қаласы Фараб (Отырар) аймағындағы Х ғ. саяси-әкімшілік және діни орталық ретінде ортағасырлық деректерде «Худуд ал-Алем», әл-Истахри, Ибн Хаукал, әл-Мақдиси еңбектерінде кеңінен аталады. Археологиялық тұрғыдан ескерткіш Отырар қаласының солтүстік-батысында шамамен 5 км қашықтықта орналасқан Құйрықтөбе ескерткішімен сәйкестендірілген. Ескерткіш аумағында жүргізілген далалық зерттеулер археология ғылым саласының дәстүрлі әдіс негізінде жүргізілді. 2025 жылғы қазбалар бастапқыда 4×4 м сектордан басталып, анықталған нысандарға байланысты 10×10 м дейін кеңейтілді (жалпы 100 м²). Қазба барысында мәдени қабаттардың стратиграфиясы, құрылымдық қалдықтардың жоспарлық орналасуы, жерлеу орындарының бағытталуы мен кеңістіктік ұйымдасуы тіркелді. Барлық нысандар графикалық және фотофиксация арқылы құжатталды.



Сур. 3. Құйрықтөбе қаласының топографиялық жобасы

Жерлеу материалдарын талдауда салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылды. Мәйіттердің бағытталуы, дене қалпы және қол сүйектерінің орналасуы негізінде жерлеу типтері жүйеленді. Алынған деректер Отырар алқабындағы ерте ортағасырлық Мардан, Қыркескен, Көкмардан қорымдары, сондай-ақ Орта Азия аумағындағы ұқсас ескерткіштермен салыстырылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи-археологиялық интерпретация әдісі қолданылып, жазба деректер мен археологиялық материалдар өзара салыстырылды. Бұл тәсіл Құйрықтөбе қаласының урбанистік құрылымын, исламдану үдерісінің кезеңдерін және рабад аумағының тұрғындық кеңістіктен қорымға айналу динамикасын кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Отырар өңіріндегі б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысына мерзімделетін бірқатар ірі жерлеу ескерткіштері Мардан, Қыркескен және Көкмардан қорымдары зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді [Нурмуханбетов, 1974: 85–94; Нурмуханбетов, 1976: 130–136]. Аталған ескерткіштер Отырар өңіріндегі ерте тарихи кезеңдегі жерлеу дәстүрлерін айқындауда маңызды дереккөз болып табылады. Мардан қорымындағы жерлеу ғұрпы жан-жақты талданып, ескерткіштің хронологиясын нақтылауда Қытайда соғылған «ушу» типтес теңгенің табылуы айрықша ғылыми жаңалық ретінде бағаланды [Нурмуханбетов, 1979: 539–540]. Бұл нумизматикалық дерек жерлеу кешенін б.з. I мыңжылдығының алғашқы жартысымен мерзімдеуге негіз болды. Аталған ескерткіште жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері Б.Н. Нұрмұханбетов пен Р.З. Бурнашева бірлескен арнайы мақаласында жан-жақты қарастырылды [Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979: 28–35].

Осы зерттеулер Отырар өңіріндегі ерте тарихи кезеңнің жерлеу рәсімдері, мәдени байланыстары және әлеуметтік құрылымын реконструкциялауда маңызды ғылыми деректер қорын қалыптастырды. Платформа үлгісінде тұрғызылған ерекше жерлеу құрылысы ретінде Көкмардан қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары айрықша ғылыми маңызы бар жаңалықтармен ерекшеленді [Нурмуханбетов, Кожиков, 1997: 29–34; Бейсебаев, Нурмуханбетов, 2002: 104–110; Нурмуханбетов, 2011: 42–73].

1970 жылдары Ортағасырлық Құйрықтөбе қаласының маңындағы қорымда жүргізілген алғашқы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде IX – XII ғғ. жататын жерлеу орындарды анықталып, ғылыми айналымға енгізілді [Нурмуханбетов, 1974: 85–94; Ерзакович, т.б., 1977: 59–72]. Зерттеу жұмыстары барысында барлығы 22 қаңқа аршылып, барлық жерлеулер исламдық ғұрыпқа сәйкес жерленгендігі анықталған. Кейбір жерлеу орындарындағы қаңқалардың жатқызылуында бірқатар айырмашылықтар анықталды: екі қаңқа қырымен жатқызылса, тағы екі қаңқа шалқасынан орналастырылған. Шалқасынан жерленген бесінші қаңқаның аяқтары айқастырылған күйде тіркелді. Ал бір жерлеу орнында жерленген адамның екі аяғы тізе тұсынан бүгіліп, табандары бір-біріне жақындатылған күйде жерленгендігі анықталған. Жерлеу орындардан 5 дана үлкен көлемді саз ыдыс табылған, олардың 1 балаға арналған жерлеу орнының үстінен табылған [Нурмуханбетов, 1974: 89–90]. Бұл қазба орнындағы жерлеу орындардан саз ыдыстарының табылуын исламдық жерлеу ғұрпына дейінгі көне діни түсініктердің сарқыншағы ретінде қарастыруға болады. қола дәуірінен ерте ортағасырлар кезеңдерде жерленген марқұмның қасына ыдыс-аяқ қою дәстүрінің болғаны археологиялық деректер арқылы көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған саз ыдыстар исламдық сенімнің толық орнықпаған өтпелі кезеңнің көрінісі болуы ықтимал.



Сур. 4. Құйрықтөбе қаласынан ашылған мешіттің жоспары [Байпаков, 2012: 222]

Қазба жұмыстары барысында жерлеу орнындағы қаңқаның жанбас сүйегінің жанынан бір дана қола тиын табылған. Тиынның жерлеу кезінде әдейі қойылуы ықтимал деп есептеледі. Бұған дейінгі зерттеулер көрсеткендей, Отырар алқабында исламға дейінгі және ертерек кезеңдерде мәйіт қасына тиын қою дәстүрі болғаны белгілі [Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979: 28–35]. Осы тұрғыдан алғанда, Құйрықтөбе мазаратынан табылған жалғыз қола тиын кездейсоқ олжа емес, жергілікті дәстүрдің ұзақ уақыт сақталған сарқыншақ екендігін алға тартқан. Аталған деректер Отырар өңіріндегі исламдану үдерісінің бастапқы кезеңдерінде жерлеу ғұрыптарының біртіндеп қалыптасып, кей жағдайда көне дәстүр элементтерімен қатар өмір сүргенін көрсетеді.

Табылған тиынды зерттеген шығыстанушы В. Настичтың анықтауы бойынша, ол Усрушана аймағында Исмаил ибн Ахмад билігі кезеңінде соғылған саманилік теңге екендігі анықталған. Аталған билеуші Саманилер әулеті дәуірінде (IX ғ. соңы) Мауереннахр мен оған шектес аймақтарда саяси-экономикалық ықпалы жоғары мемлекет құрғаны белгілі. Алайда тиынның алғашқы жарияланымында техникалық қате жіберіліп, оның соғылу мерзімі 843–844 жж. деп көрсетілген [Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979: 28–35]. Кейін мәтінді қайта қарау және деректерді нақтылау барысында бұл жаңылыс түзетіліп, тиынның нақты мерзімі 893–894 жж. екені ғылыми тұрғыда дәлелденіп көрсетіледі [Ерзакович, т.б., 1977: 59–72; Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979: 28–35].

Аталған түзетулермен қатар, Б.Н. Нұрмұханбетов зерттеу жұмыстары барысында анықталған жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін жан-жақты сипаттап, археологиялық деректер мен нумизматикалық материалдардың өзара байланысын көрсетті. Бұл дерек Құйрықтөбе маңындағы мұсылмандық жерлеулердің IX ғ. соңы – X ғ. басымен мерзімделуіне негіз болып, Отырар алқабындағы исламдану үдерісінің ерте кезеңдерін нақтылауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы дерек ретінде Қырғызстан аумағындағы Краснореченское, Қысмышы, Өзбекстан аумағындағы Тоққала, Түркменстандағы Миздахкана (Гяур қала) қорымдарындағы жерлеу орындармен ұқсастығы анықталған [Нурмуханбетов, 1974: 92]. Жалпы алғанда, келтірілген аналогиялық материалдар Құйрықтөбе маңындағы мұсылмандық жерлеу кешендерінің ортағасырлық кең хронологиялық ауқымда өмір сүргенін көрсетеді. Сонымен бірге, хумша сияқты дәстүрлі элементтердің сақталуы аймақтағы исламдану үдерісінің біртіндеп, жергілікті көне ғұрыптармен өзара ықпалдастықта жүргенін айғақтайды.

Нәтиже. 2025 жылы Құйрықтөбе қаласының рабад бөлігінің оңтүстік аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары аталған кеңістіктегі жерлеу орындарды анықтап, зерттеуге бағытталды. Алғашында қаланың шеткі шаруашылық-тұрмыстық аймағы болған бұл аумақтың кейінгі кезеңдерде зират ретінде пайдаланылғаны жөніндегі ғылыми жорамалдар қазба нәтижелері арқылы нақты деректермен дәлелденді. Зерттеулер мәдени қабаттың стратиграфиясын, құрылымын және жерлеу орындардың орналасу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазба жұмыстары бастапқыда 4×4 м секторда жүргізіліп, кейін анықталған археологиялық нысандарға байланысты 10×10 м дейін кеңейтілді. Нәтижесінде 100 м² аумақ толық ашылып, мәдени қабаттың сипаты жан-жақты зерттелді (5-сур). Жоғарғы қабаттарда тұрғын немесе шаруашылық құрылымына тән қабырға қалдықтары, қыш ыдыс сынықтары мен ошақ іздерінің тіркелуі бұл аумақтың алғашқы кезеңде тұрғындық қызмет атқарғанын көрсетеді. Алайда кейінгі қабаттардан адам сүйектерінің анықталуы оның жерлеу орнына айналғанын дәлелдейді. Археологиялық қазба жұмыстары барысында барлығы 11 мүрде анықталды. Жерленімдердің басым көпшілігі солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытымен, бастары құбылаға (оңтүстік-батысқа) қаратылып орналасқан. Мүрделердің шалқасынан немесе оң қырымен жатқызылуы, қолдардың көкірек тұсына жинастырылуы, сондай-ақ жерлеу инвентарының болмауы ортағасырлық мұсылмандық жерлеу дәстүрінің негізгі қағидаларының сақталғанын айғақтайды. Жерлеу орындардың тізбектеле, жүйелі орналасу бұл аумақтың мақсатты түрде ұйымдастырылған некрополь болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар кейбір мүрделерде сүйектердің шашылып немесе қайта жинақталып қойылуы екіншілік жерлеу рәсімдерінің орын алғанын аңғартады. Мұндай жерленімдер бұрынғы қабірлерді тазалау немесе қайта жерлеу тәжірибесімен байланысты болуы мүмкін. Жерлеу орындарында мүрделердің шалқасынан немесе қырынан жатқызылу айырмашылықтарының себептерін нақтылау үшін, жерлеу орындарының мерзімін анықтау үшін радиокөміртекті (¹⁴C) сараптамасын жасау үшін сынамалар алынып «Тубитак Мармара» зертханасына жіберілді.


Зерттеу жұмыстары барысында қазба материалдары негізінде мүрделердің қол сүйектерінің орналасуына қарай анықталған типологиялық ерекшеліктер ғылыми тұрғыда жүйеленді. Бұл жіктеу исламдық жерлеу нормалары, археологиялық антропология және Орталық Азиядағы ортағасырлық некропольдеріне тән деректермен салыстыра отырып жасалды.

Мүрделердің қолдарының орналасуына негізделген типологиялық ерекшеліктеріне келер болсақ, жерлеу рәсімінің ритуалдық ұстанымдарын және кей жағдайда хронологиялық немесе әлеуметтік айырмашылықтарды айқындайтын маңызды индикатор болып табылатындығы анықталды. Құйрықтөбе материалдары бойынша бірнеше тұрақты тип айқындалды.

I тип. Мүрденің қолдары көкірек (кеуде) үстіне жинастырылып жерленген. Екі қолдың білек тұстары кеуде немесе құрсақтың жоғарғы бөлігіне жинастырылып орналастырылған. Шынтақ сүйектері дене бойына жақын орналасқан, қол сүйектері анатомиялық байланыста сақталған. Бұл тип исламдық жерлеу дәстүрінде ең кең таралған үлгі болып табылады. Көкірек тұсына жинастыру марқұмның денесін жинақы ұстауға және мәйіттің қозғалыссыз қалпын қамтамасыз етуге бағытталған. Орталық Азиядағы ортағасырлық мұсылман некропольдерінде бұл қол қалпы біріншілік жерлеудің сенімді көрсеткіші ретінде қарастырылады.

II тип. Мүрденің қолдары дене бойымен созылып орналастырыла жерленген. Екі қол сүйектері жамбас бойымен параллель орналасқан, алақандар сан тұсына немесе жамбас маңына бағыттала орналастырылған, шынтақ буындары аздап бүгілген немесе түзу күйде қойылған. Бұл тип исламдық

жерлеу дәстүріне қайшы келмейді және көбіне аймақтық немесе жергілікті жерлеу әдет-ғұрыптарының ықпалымен қалыптасқан жерлеу дәстүрінің бір түріне жатады.



Сур. 5. Құйрықтөбе қаласының рабад бөлігінде жүргізілген қазба алаңы

III тип. Мүрденің бір қол көкірек тұсында, екінші қол дене бойымен орналастырыла жерленген. Бір қолдың көкірек үстіне жиналып, екінші қолдың жамбас немесе сан бойымен созылып орналастырылған. Бұл жерлеу түрі көбіне жерлеу барысында мәйіттің табиғи қозғалысы, топырақтың шөгуі немесе жерлеу рәсімін атқарушылардың практикалық әрекеттерімен байланысты болуы мүмкін.

IV тип. Мүрденің қол сүйектерінің шашыраңқы немесе анатомиялық тәртіпті сақтамай жерленуі. Қол сүйектері бастапқы анатомиялық орнынан ауытқыған, кейде аяқ сүйектерімен бірге жинақталған, қолдардың бастапқы қалпы толық сақталмай жерленген. Қабірді қайта ашу, бұрынғы жерлеуді тазалау немесе табиғи процестер (шайылу, шөгу) қол сүйектерінің бастапқы орналасуын өзгерткен.

V тип. Мүрденің қолдары толық бүгіліп, денеге тығыз жинақталып (қырынан) жерленген. Қолдар шынтақтан толық бүгіліп, алақандар кеуде немесе бет тұсына жақын орналасқан, дененің қырынан жату қалпымен үйлесе жерленген. Бұл тип оң қырымен жерлеу дәстүрімен тікелей байланысты. Қолдардың толық бүгілуі мәйіттің қырынан тұрақты қалпын сақтауға мүмкіндік береді және исламдық жерлеу дәстүрінің бір түрі болып саналады.

2025 жылғы археологиялық зерттеулер Құйрықтөбе қалашығы рабадының тұрғындық қызметі тоқтағаннан кейін бұл аумақтың ортағасырлық мұсылман зираты ретінде пайдаланылғанын айқын дәлелдейді. Алынған деректер қаланың тарихи-мәдени даму кезеңдерін және жерлеу дәстүрлерінің эволюциясын түсіндіруде маңызды ғылыми ақпарат көзі болып табылады.

Қорытынды. Отырар алқабындағы исламдану процесін зерттеуде Құйрықтөбе материалдары маңызды дереккөз болып саналады. Бұрынғы еңбектер ислам дінінің IX ғ. бастап таралуын археологиялық және нумизматикалық деректер арқылы негіздеді. Қорымның құрылымдық тәртіппен тізбектеле орналасуы исламдық сакралды кеңістіктің қалыптасқанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, 2025 жылғы археологиялық зерттеулер Құйрықтөбе қорымын зерттеудің жаңа кезеңін қалыптастырды. Егер бұрынғы зерттеулер исламданудың бастапқы кезеңін айқындауға бағытталса, қазіргі зерттеулер жерлеу дәстүрінің қалыптасқан және тұрақтанған кезеңін, оның кеңістіктік

ұйымдасу логикасын және ритуалдық нормалардың орнығуын нақты көрсетеді. Осылайша, Құйрықтөбе қорымы Отырар алқабындағы исламдану үдерісінің көпқабатты және эволюциялық сипатын көрсететін археологиялық, типологиялық және ритуалдық тұрғыдан аса маңызды археологиялық кешен болып табылады.

2025 жылы Құйрықтөбе қалашығының рабад бөлігінің оңтүстік аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бұл кеңістіктің функционалдық трансформациясын нақты археологиялық деректермен дәлелдеді. Алғашында шаруашылық-тұрмыстық және тұрғындық қызмет атқарған рабад аумағының кейінгі кезеңдерде жүйелі түрде қорымға айналғаны анықталды. Бұл қорытынды мәдени қабаттың стратиграфиясы, құрылымдық қалдықтар және жерлеу кешендерінің жоспарлы орналасуы арқылы негізделді. Аталған нәтижелер Құйрықтөбе маңындағы қорымда 1970 жж. жүргізілген зерттеу материалдарымен тікелей байланыстылығы анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, 2025 жылғы қазбалар бұрын ұсынылған гипотезаларды жаңа археологиялық деректермен толықтырылып, нақтылай түсті.

2025 жылғы қазбалар барысында анықталған 11 қаңқаның басым көпшілігінің солтүстік батыс-оңтүстік шығыс бағытта, бастары құбылаға (оңтүстік-батысқа) қаратылып жерленуі IX-XII ғасырлардағы мұсылмандық жерлеу дәстүрлерімен толық сәйкес келетіндігі анықталды. Қаңқалардың шалқасынан және оң қырымен жатқызылуы да ұсынылған хронологиялық модельмен үйлеседі: қырынан жерлеу – ертерек кезеңдерге (IX-X ғғ.), шалқасынан жерлеудің басым болуы – XII ғ. кейінгі уақытқа тән құбылыс. Бұл екі тәсілдің қатар кездесуі рабадындағы қорымның ұзақ уақыт бойы пайдаланылғанын және жерлеу ғұрпының эволюциялық сипатын көрсетеді. Қорыта айтқанда, 2025 жылғы Құйрықтөбе қаласы маңындағы археологиялық зерттеулер мұсылмандық жерлеу дәстүрлеріне қатысты тұжырымдарды толықтай растап қана қоймай, оларды жаңа деректермен тереңдетті.

Әдебиеттер

Агеева, Пацевич, 1958 – *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. Том 5. Алма-Ата: ИИАЭ АН КазССР. 1958. С. 215.

Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972 – *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар (топография, стратиграфия, перспективы). Алма-Ата: Издат. «НАУКА» КазССР, 1972. 213 с.

Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987 – *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Отрар в XIII–XV веках. Алма-Ата: Наука, 1987. 256 с.

Агеева, Акишев, 1960 – *Агеева Е.И., Акишев К.А.* (отв. ред). Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 1960. 450 с.

Байпаков, Воякин, 2007 – *Байпаков К.М., Воякин Д.А.* (жауапты редактор). Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жинағы // Отырар ауданы. Алматы: Баур, 2007. 424 б.

Байпаков, 2007 – *Байпаков К.М.* Ежелгі және ортағасырлардағы Отырар. Алматы: Қазығұрт, 2007. 248 б.

Байпаков, 2012 – *Байпаков К.М.* Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы: Mega Basim. 2012. 284 с.

Байпаков, 1986 – *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII в.). Алма-Ата: Наука, 1986. 256 с.

Байпаков, т.б., 2006 – *Байпаков К.М., Воякин Д.А., Акылбек С.Ш., Антонов М.А., Сорокин Д.В.* Историческая география Отрара и Отрарского оазиса: основа сохранения и защиты // Известия НАН РК. Сер. общественные науки. № 1. 2006. С. 3–33.

Байпаков, 2005 – *Байпаков К.М.* Құйрықтөбе ежелгі Кедер шаһары. Алматы 2005, 184 б.

Бартольд, 1963 – *Бартольд В.В.* Туркистан в эпоху монгольского нашествия. Т-1. Москва: Издательство восточной литературы, 1963. 234 с.

Бейсебаев, Нурмуханбетов, 2002 – *Бейсебаев А., Нурмуханбетов М.* Некрополь городища Кок-Мардан // Қазақстан археология зерттеулері. Шымкент-Алматы: 2002. С. 104–110.

Волин, 1960 – *Волин С.* Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии. Т-8. 1960. С. 78–79.

Ерзакович, т.б., 1977 – *Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б.Н., Ордабаев А.* Изучение погребальных памятников Отрарского оазиса // Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата: Наука, 1977. С. 59–72.

Қайыркен, Ильясова, 2020 – Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. Ортағасырлық жазба деректердегі Испиджаб және оның төңірегіндегі қалалар мен елдімекендер // Edu.e-history.kz Электрондық Ғылыми Журналы. 1(21). 2020. 242–252-бб.

Қожа, 2006 – *Қожа М.Б.* Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. Түркістан: «Тұран» баспасы, 2006. 238 б.

Нурмуханбетов, 1976 – *Нурмуханбетов Б.Н.* Могильник Мардан - погребальный памятник ранних земледельцев Отрарского оазиса // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата: Наука, 1976. С. 130–136.

Нурмуханбетов, 2011 – *Нурмуханбетов Б.Н.* Некрополь городища Кок-Мардан // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы: Хикари, 2011. 42–73 бб.

Нурмуханбетов, 1974 – *Нурмуханбетов Б.Н.* Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе // В глубь веков. Алма-Ата: Наука, 1974. С. 85–94.

Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979 – *Нурмуханбетов Б.Н., Бурнашева Р.З.* Погребение с монетами из могильника Мардан (Отрарский оазис) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. № 5. 1979. С. 28–35.

Нурмуханбетов, Кожак, 1997 – *Нурмуханбетов Б.Н., Кожак Д.А.* Новый тип погребального сооружения в Южном Казахстане // Известия Министерства Науки – Академии наук РК. Серия общественных наук. № 1. 1997. С. 29–34.

Нурмуханбетов, т.б., 1979 – *Нурмуханбетов Б.Н., Трифонов Ю.И., Акишев А.К.* Исследования могильника Кок-Мардан // Археологические открытия 1978 года. Москва: Наука, 1979. С. 539–540.

Сералы, т.б., 2020 – *Сералы Н.О., Сиздиқов Б.С., Сералиев А.А.* Фараб оазисіндегі Оғыз мемлекетінің саяси орталықтары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы, 3 (132). 2020. 55–67-бб. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-55-67>

References

Ageeva, Patsevich, 1958 – *Ageeva E.I., Patsevich G.I.* Iz istorii osedlykh poselenii i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan]. *Trudy Instituta Istorii, Arkheologii i Etnografii*. Т. 5. Алма-Ата: ИАЕ АН КазССР. 1958. P. 215. [in Russian]

Akishev, Baipakov, Erzakovich, 1972 – *Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B.* Drevnii Otrar (topografiya, stratografiya, perspektivy) [Ancient Otrar (topography, stratigraphy, perspectives)]. Алма-Ата: Izdat. «Nauka» KazССР, 1972. 213 p. [in Russian]

Akishev, Baipakov, Erzakovich, 1987 – *Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B.* Otrar v XIII–XV vekakh [Otrar in the 13th–15th centuries]. Алма-Ата: Nauka, 1987. 256 p. [in Russian]

Ageeva, Akishev, 1960 – *Ageeva E.I., Akishev K.A.* (otv. red.). Arkheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan]. Алма-Ата: Izd-vo АН КазССР. 1960. 450 p. [in Russian]

Baipakov, Voyakin, 2007 – *Baipakov K.M., Voyakin D.A.* (zhaupty redaktor). Ontustik Kazakhstan oblysy tarikhi zhane madeniet eskertkisherinin zhinagy [Collection of historical and cultural monuments of the South Kazakhstan region]. *Otyrar audany*. Алматы: Baur, 2007. 424 p. [in Kazakh]

Baipakov, 2007 – *Baipakov K.M.* Ezhelgi zhane ortagasyrdagy Otyrar [Otrar in ancient and medieval times]. Алматы: Qazyghurt, 2007. 248 p. [in Kazakh]

Baipakov, 2012 – *Baipakov K.M.* Islamskaya arkheologicheskaya arkhitektura i arkheologiya Kazakhstana [Islamic archaeological architecture and archaeology of Kazakhstan]. Алматы: Mega Basim. 2012. 284 p. [in Russian]

Baipakov, 1986 – *Baipakov K.M.* Srednevekovaya gorodskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirechya (VI – nachalo XIII v.) [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye (VI – early 13th century)]. Алма-Ата: Nauka, 1986. 256 p. [in Russian]

Baipakov, et al., 2006 – *Baipakov K.M., Voyakin D.A., Akylbek S.Sh., Antonov M.A., Sorokin D.V.* Istoricheskaya geografiya Otrara i Otrarskogo oazisa: osnova sokhraneniya i zashchity [Historical Geography of Otrar and the Otrar Oasis: The Basis for Preservation and Protection]. *Izvestiya NAN RK*. Ser. obshchestvennyye nauki. № 1. 2006. Pp. 3–33. [in Russian]

- Baipakov, 2005 – *Baipakov K.M.* Kuiryktobe ezhelgi Keder shahary [Kuyttobe is the ancient city of Keder.]. Almaty, 2005. 184 p. [in Kazakh]
- Bartold, 1963 – *Bartold V.V.* Turkistan v epokhu mongolskogo nashestviya [Turkestan during the Mongol invasion]. T. 1. Moskva: Izdatelstvo vostochnoy literatury, 1963. 234 p. [in Russian]
- Beisebaev, Nurmukhanbetov, 2002 – *Beisebaev A., Nurmukhanbetov M.* Nekropol gorodishcha Kok-Mardan [Necropolis of the Kok-Mardan settlement]. *Kazakhstan arkheologiya zertteuleri*. Shymkent–Almaty: 2002. Pp. 104–110. [in Russian]
- Volin, 1960 – *Volin S.* Svedeniya arabskikh istochnikov IX–XVI vv. o doline reki Talas i smezhnykh rayonakh [A summary of Arab sources from the 9th-16th centuries about the Talas River valley and adjacent areas]. *Trudy instituta istorii, arkheologii i etnografii*. T. 8. 1960. Pp. 78–79. [in Russian]
- Erzakovich, et al., 1977 – *Erzakovich L.B., Nurmukhanbetov B.N., Ordabaev A.* Izuchenie pogrebalnykh pamyatnikov Otrarskogo oazisa [Study of burial monuments of the Otrar oasis]. *Arkheologicheskie issledovaniya v Otrare*. Alma-Ata: Nauka, 1977. Pp. 59–72. [in Russian]
- Kaiyrken, Ilyasova, 2020 – *Kaiyrken T.Z., Ilyasova Z.S.* Ortagasyrlik zhazba derekterdegi Ispidzhab zhane onyn toniregindegi qalalar men eldimekender [Ispidjab and its surrounding towns and settlements in medieval written sources]. *Edu.e-history.kz* Elektrondyq gylymi zhurnaly. 1(21). 2020. Pp. 242–252. [in Kazakh]
- Kozha, 2006 – *Kozha M.B.* Ortagasyrlik Otyrar: angyzdar, derekter, zertteuler [Medieval Otrar: legends, facts, research]. Turkistan: «Turan» baspasy, 2006. 238 p. [in Kazakh]
- Nurmukhanbetov, 1976 – *Nurmukhanbetov B.N.* Mogilnik Mardan - pogrebalnyi pamyatnik rannikh zemledeltsev Otrarskogo oazisa [The Mardan burial ground is a burial monument of early farmers of the Otrar oasis.]. *Proshloe Kazakhstana po arkheologicheskim istochnikam*. Alma-Ata: Nauka, 1976. Pp. 130–136. [in Russian]
- Nurmukhanbetov, 2011 – *Nurmukhanbetov B.N.* Nekropol gorodishcha Kok-Mardan [Necropolis of the Kok-Mardan settlement]. *Kazakhstan arkheologiyasynyn maseleleri*. 3-shi shygarlymy. Almaty: Khikari, 2011. Pp. 42–73. [in Russian]
- Nurmukhanbetov, 1974 – *Nurmukhanbetov B.N.* Rannemusulmanskoe kladbishche bliz gorodishcha Kuiryktobe [An early Muslim cemetery near the Kuyryktobe settlement]. *V glub vekov*. Alma-Ata: Nauka, 1974. Pp. 85–94. [in Russian]
- Nurmukhanbetov, Burnasheva, 1979 – *Nurmukhanbetov B.N., Burnasheva R.Z.* Pogrebenie s monetami iz mogilnika Mardan (Otrarskii oazis) [Burial with coins from the Mardan burial ground (Otrar oasis)]. *Izvestiya Akademii nauk Kazakhskoi SSR*. Seriya obshchestvennykh nauk. 1979. № 5. Pp. 28–35. [in Russian]
- Nurmukhanbetov, Kozhakov, 1997 – *Nurmukhanbetov B.N., Kozhakov D.A.* Novyi tip pogrebalnogo sooruzheniya v Yuzhnom Kazakhstane [A new type of burial structure in southern Kazakhstan]. *Izvestiya Ministerstva Nauki – Akademii nauk RK*. Seriya obshchestvennykh nauk. 1997. № 1. Pp. 29–34. [in Russian]
- Nurmukhanbetov, et al., 1979 – *Nurmukhanbetov B.N., Trifonov Yu.I., Akishev A.K.* Issledovaniya mogilnika Kok-Mardan [Research of the Kok-Mardan burial ground]. *Arkheologicheskie otkrytiya 1978 goda*. Moskva: Nauka, 1979. Pp. 539–540. [in Russian]
- Seraly, et al., 2020 – *Seraly N.O., Sizdikov B.S., Seraliev A.A.* Farab oazisindegi Ogyz memleketinin sayasi ortalyktary [Political centers of the Oghuz state in the Farab oasis]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ul'tyq universitetinin Khabarshysy*. Tarikhi gylymdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy. 2020. № 3 (132). Pp. 55–67. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-55-67>. [in Kazakh]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY.....	564
Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е. МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А. КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.	878
Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A. THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A. THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
